

СЕКЦИЯ 3 ИННОВАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СФЕРЕ В ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА

Абирлин Д.Ж., студент
Сулейменов О.А., аға оқытушы
М.Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті, Тараз қ.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ЖАСӨСПІРІМ БАЛАНЫ ОҚЫТА ОТЫРЫП, ӨЗ БЕТІНШЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА НЫҚ ҚАДАМ БАСУ

Аннотация: Мектепте дене тәрбиесі сабағында дене тәрбиесінен қажетті біліктілікпен дағдыларды меңгеру әрбір жас жеткіншектің міндеті. Себебі кез келген елдің болашағы оның халқының күш-қуатына байланысты. Дене тәрбиесі сабағы негізінен төменгі сыныптарда қозғалмалы ойындар, орта буын және жоғарғы сыныптарда белгілі бір спорт ойындары: баскетбол, волейбол, гандбол, футбол, жеңіл атлетика сабақтары болып өтіледі. Дене шынықтыру сабақтарын сыныптарда жекелей немесе командалық жарыс түрінде өткізу тиімді. Бала ойынмен өседі, дене тәрбиесі сабағы негізінен ойын жарыс түрінде өтетіндіктен, ойын бала өмірінде өмірлік дағдыларын қалыптастыру құралдарының бірі болып табылады.

Кілт сөздер: дене тәрбиесі, сапалы білім, сабақ, бағдарлама.

Abirlin D.Zh., student
Suleimenov O.A., senior lecturer
Taraz regional university, Taraz

A FIRM STEP TOWARDS INDEPENDENT DECISION-MAKING BY TEACHING A TEENAGE CHILD THROUGH THE NEW TECHNOLOGY OF PHYSICAL EDUCATION

Abstract: it is the task of every young teenager to acquire the necessary skills in physical education in a physical education lesson at school. Because the future of any country depends on the strength of its people. Physical education classes are mainly held in the lower grades as moving games, in the middle and upper grades as certain sports: basketball, volleyball, handball, football, light athletics. It is effective to conduct physical education classes in classrooms in the form of individual or team competitions. The child grows up with the game, since the physical education lesson is mainly held in the form of a game competition, the game is one of the means of forming life skills in the child's life.

Key words: physical education, quality education, lesson, program.

Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс - тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланың оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Міне, біз бүгін «Білім берудегі Кембридж тәсілдерінің теориялық негіздері» осы жоғарыда айтылған ұстанымды ұстайды. Яғни, мұндағы бала өзі ізденуші, бір - біріне

үйретуші, ал мұғалім бағыт беруші, нұсқаушы. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске асады. «Сабақ – оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы», - деп А.Сухомлинский айтқандай, осы жеті модульдің ішінде өзімің пәніме тиімдісі, жарыққа шығарары, баланың қызығушылығын оятары, білімін жетілдірері қайсы екен деп көп ойланғаным рас. Саралай келе әр сабақта бір немесе бірнеше модульді бірден қолдануға болатынын анықтадым. Бұл қолданыстан ұтылғанымнан ұтқаным көп болды. Әр мұғалім өз сабағының – көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де өз еркі.

Ал көшті дұрыс бағыттау білу ол шеберлігіне байланысты:

1. Қызығушылығын ояту - жаңа сабақты түсіндіру кезіндегі үйрену процесі. Бұл бұрынғы білетін білім мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады.

Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер арқылы оқытуда оқушылар бұрынғыдай тек тыңдап және көшіріп қана қоймай, белсенді әрекеттер атқарады. Жаңа технология арқылы баланы оқыта отырып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Ол белсенді әрекеттерге ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікір таластыру жатады. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер арқылы оқытуда білім дайын күйінде берілмейді, ол тек белсенді әрекеттер арқылы ғана игеріледі, оқушылар өзара қоян - қолтық қарым - қатынаста болып, онымен бірлесіп әрекет жасау, диалог құру. Өзімізге сыни тұрғыдан ойлауымыз керек. Сабақта оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруі, пікір алмасуы диалогпен жүзеге асты. Топтық әдісті қолданғанда оқушылардың бір - бірімен ақылдасуы, оны топтан біреуінің шығып айтуы, ал болжау әдісін қолданғанда оқушылардың мәтінде не туралы жазылуы мүмкін екендігі туралы өз ойларын да диалог арқылы көрсете білді.

2. Мағынаны тану – жаңа сабақты бекіту процесі. Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс жасайды, тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар олар идеяны жеткізіп қана қоймай, шешім табу үшін топқа сұрақ қояды және басқаларды сұраққа тартады. Әр топтан бір оқушы шығып ұжым алдында мәтін мазмұнын қысқаша баяндап береді.

3. Ой толғаныс – сабақты қорытындылау кезеңі. Осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда қалай қолдану керектігін үйренеді. Мысалы, бұл жерде балалар эссе жазады. Өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, түйгендерін анықтайды. Бұл модульдің нәтижесі көп. Атап айтар болсам, ой – пікірін ашық, еркін айту, бір - бірінің сабақ барысында қателіктерін айту, жақсы қасиеттерін үйрену, сабақ - білім естерінде көп уақытқа сақталады, сабақ барысында өзі талдайды, бір - біріне талап, өтініш, тілектерін білдіре алады. Сондықтан ең жақсысы - балалар оқу тәрбие үрдісінде үлгілі мінезге бір - бірінен үйренетін ұжымдық оқытуды ұйымдастыру».

Мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, ары қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керек, көмектесуі қажет. Бұл үшін, әрине ұстаздың өзі де өзгеруі, яғни дәстүрлі оқытудың тапталулары сүрлеуінен арылуы тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір мұғалім өзінен бастағаны жөн. Мұғалім шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл - ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйрету керек». Мұғалім оқытуға кіріспес бұрын оқушылардың мінездерін зерттеп, білімдерін тексеруі тиіс. Мұғалім әр баланың білім дәрежесі қаншалықты екенін саралап алғаннан кейін, оның алға жылжуына ықпал етуге міндетті.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»- деп елбасымыз өз жолдауында айтып қана қоймай, әр мектепті түрлі ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етуде. Яғни, ақпараттық технологиялардың білім беруде маңызы зор. Өйткені ол оқушыларға үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді. Бұл баланың ой өрісін кеңейтіп қана қоймайды, білім деңгейін көтеруге үлкен үлесін қосады. Сабақ беруде мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін негізге алуы керек.

Тапсырамаларды да меңгере алатындай, сұрақтарға дұрыс жауап іздей алатындай етіп қою керек. Сол кезде сабақ күтілген нәтижеге қол жеткізеді.

1. Мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек.

2. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс.

3. Балалардың оқуға деген ынтасын күшейту керек

4. Өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет.

5. Оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.

Осы қағидалар негізінде сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу - оқушының өзін - өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан – жақты білім алуына көмектеседі.

Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді төмен түсіретін де – білім.

Қазақстан Республикасы әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену жолында. ХХІ ғасыр – білім мен ғылымның ғасыры. Оқушылардың білім сапасын көтеру – қазіргі өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да осы салада батыл қадамдар жасалып, өзгерістер енгізілуде. Осындай игі істердің бірі - Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының үшінші (негізгі) деңгей бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) зерделеу.

Бұл бағдарламада оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, оқуға қабілетін жақсартады. Білім беру негізін түсіну, ойлануға жүйелі білім беру, өзінің шығармашылық жұмысын жетілдіріп отыру, кеңістіктік ойлау қабілетінің болуы, ақпараттық – коммуникациялық технологияны дұрыс меңгеру қажет. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мен мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби мән – мәтінмен өзара байланыста қарастырылады.

Бағдарламаның жетекші мақсаты әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтарының негізінде жастарды өз елінің мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу; екіншіден – жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпал тигізетін сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді қамтиды. Аталған бағдарлама идеясы сабақтарда қарастырылатын жеті модульге сараланған.

1 - модуль. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдері оқу бағдарламасының басты мақсаты деп білемін. Сыныпты топқа бөлін оқыту, ережеге, уақытқа бағыну, постер қорғату. Біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік – сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой – пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді.

Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолдануға болады. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден – бір тиімді бағдарлама деп есептеймін. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйренін, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел - уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір көзқарастары жүйелі

дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды.

Мектепте дене тәрбиесі сабағында дене тәрбиесінен қажетті біліктілікпен дағдыларды меңгеру әрбір жас жеткіншектің міндеті. Себебі кез келген елдің болашағы оның халқының күш-қуатына байланысты. Дене тәрбиесі сабағы негізінен төменгі сыныптарда қозғалмалы ойындар, орта буын және жоғарғы сыныптарда белгілі бір спорт ойындары: баскетбол, волейбол, гандбол, футбол, жеңіл атлетика сабақтары болып өтіледі. Дене шынықтыру сабақтарының сыныптарда жекелей немесе командалық жарыс түрінде өткізу тиімді. Бала ойынмен өседі, дене тәрбиесі сабағы негізінен ойын жарыс түрінде өтетіндіктен, ойын бала өмірінде өмірлік дағдыларын қалыптастыру құралдарының бірі болып табылады.

Баланың қуанышымен реніші жеңіске деген құштарлығымен жігері, батылдығымен ептілігі, командада бір-біріне деген сенімі мен сыйластығы ойында айқын көрініс табады. Ойын кезінде баланың эмоциялық әсері, белсенділігі артады, ерік-жігері, ойлау қабілеті мен қимыл-қозғалыс әрекеттері ұшталады. Демек ойын-тәрбие құралы. Ойын арқылы баланың ерік пен мінез қасиеттері беки түседі. Ойын ептілікке батылдыққа, төзімділікке, машықтандырады. Олай болса қазіргі мектеп оқушыларының денсаулығы елдің де қоғамның да байлығы. Адам өз халқына, еліне мүмкіндігінше көбірек пайдасын тигізу үшін-дені сау, күшті, епті, төзімді болуы тиіс. Олай болса бұған дене тәрбиесі сабағы арқылы және сабақтан тыс кезде жеке машықтану арқылы қол жеткізуге болады.

Мектептерде дене тәрбиесі сабағының өтілу барысы:

Дене тәрбиесі сабағында шешілуге тиісті барлық мақсат, міндеттер үш бағытта жүргізіледі.

1. Білім беру: сабақ барысында өтілетін сабақтың теориялық, техникалық, тактикалық әдіс тәсілдерін үйрту, түсіндіру, көрсету.

2. Тәрбиелеу: оқушыларды ептілікке, ұйымшылдыққа, төзімділікке, адамгершілікке, елжандылыққа тәрбиелеу.

3. Сауықтыру: оқушылардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін дамыту, денсаулықтарын нығайту, іскерлікпен машықдағдыларын меңгерту.

Осыған байланысты әр сабақты нақтыланған үш міндет қойылады және сабақтың барлық этаптары осы үш міндетті шешуге негізделеді. Қойылған мақсат міндеттер оқушылардың жас ерекшеліктеріне және сыныптарына сәйкес болуы керек.

Сабақтың негізгі өтілетін жері спорт зал немесе спорт алаң талапқа сай болуы керек. Сабақ өтілетін спорт залдың санитарлық тазалық жағдайы сабақта қолданылатын спорттық құралдардың сабаққа қолдануға жарамдылығы техникалық, қауіпсіздігі барлығы алдын-ала дайын болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. П. Матвеев. Теория и методика физического воспитания. М, ФИС, 1976.
2. Еркін Уақбаев. Дене тәрбиесінің негіздері. Алматы. «Санат». 2000.
3. Қойбағаров К., Рақымбеков Қ. Педагогика-психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы. 1960.